

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 14/137 "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 21 ақпандағы № 16/161 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 14/137 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 25 832 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 814 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 4 530 мың теңге;

трансферттер түсімі – 19 488 мың теңге;

2) шығындар – 26 039,2 мың теңге:

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 207,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 207,2 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 207,2 мың теңге.";

1-1 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-1. Бесқұдық ауылдық округі бюджетінде шағындар қаржылық жылдың басында қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары есебінен 207,2 мың теңге сомада 4 - қосымшаға сәйкес қарастырылсын.";

5 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2022 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетінде аудандық бюджеттен берілген нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі қарастырылсын, соның ішінде:

мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын арттыру;

қосымша ақшалай ынталандыру төлемдері үшін.

Аудандық бюджеттен аталған нысаналы трансферттерді бөлу "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Бесқұдық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Бесқұдық ауылдық округі әкімінің шешімімен айқындалады.";

аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің 1 - қосымшасына сәйкес, жаңа редакцияда мазмұндалсын;

аталған шешім осы шешімнің 2 - қосымшасына сәйкес 4 - қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының хатшысы*

А. Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2022 жылғы 21 ақпандағы
№ 16/161 шешіміне
1 –қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2021 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 14/137 шешіміне
1 -қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің 2022 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	25 832
1			Салықтық түсімдер	1 814
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 726

		1	Мүлікке салынатын салықтар	122
		3	Жер салығы	18
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 586
	05		Тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге ішкі салықтар	88
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер	88
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	4 530
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	4 530
		1	Жерді сату	4 530
4			Трансферттердің түсімдері	19 488
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	19 488
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	19 488
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарлар малардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	26 039,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25 343
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25 343
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету	25 343

			жөніндегі қызметтер	
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	696,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	696,2
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	696,2
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтермен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржылық активтерді сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(- 207,2
			6) Тапшылық орнын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	207,2
7			Қарыздар түсімдері	0
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сумма (тысяч тенге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	207,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	207,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	207,2

Есіл ауданы мәслихатының
 2022 жылғы 21 ақпандағы
 № 16/161 шешіміне
 2 -қосымша
 Солтүстік Қазақстан облысы
 Есіл ауданы мәслихатының
 2021 жылғы 30 желтоқсандағы
 № 14/137 шешіміне
 4 -қосымша

Қаржы жылының басында болған бюджет қаражатының бос қалдықтарын бағыттау

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	207,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округі әкімінің аппараты	207,2
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	207,2
			Барлығы:	207,2